

**"Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2017 жылға арналған квотаны белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 898 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 10 тамыздағы № 479 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2017 жылға арналған квотаны белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 898 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 67, 456-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2017 жылғы 10 тамыздағы  
№ 479 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 898 қаулысына  
қосымша

**Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2017 жылға арналған квота**

Р/с №	Экономикалық қызмет түрі	жұмыс күшіне шаққанда %
1	Құрылыс	0,2819%
2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру	0,0452%
3	Өңдеу өнеркәсібі	0,0390%
4	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	0,0020%

5	Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау	0,0011%
6	Ауыл, орман және балық шаруашылығы	0,0324%
7	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдарды жөндеу	0,0263%
8	Көлік және қоймаға жинау	0,0085%
9	Тұру және тамақтану бойынша көрсетілетін қызметтер	0,0155%
10	Ақпарат және байланыс	0,0043%
11	Қаржы және сақтандыру қызметі	0,0037%
12	Жылжымайтын мүлікпен орындалатын операциялар	0,0011%
13	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	0,0271%
14	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	0,0581%
15	Білім беру	0,0065%
16	Денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер	0,0041%
17	Өнер, ойын-сауық және демалыс	0,0018%
18	Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	0,0440%
19	Эксаумақтық ұйымдардың және органдардың қызметі	0,0023%
	Жиыны	0,6%